

«Қанша аз ойласам, сонша көп тіршілік етемін»

Абдрасилова Г.З., филос.ғыл.к., ХБА доценті, Алматы қ.

XIX ғасырдағы буржуазиялық өркениеттегі күрделіліктер, қатігездіктер, жеке адам мен әлеуметтік болмыстың бір-біріне қарсы қойылуы, индустриалды қоғамдағы адам болмысының бейшынайылығы - адамзат ақыл-ойының рационалдылығына, адамгершілік құндылықтарына сенімсіздік тудырды. Соған жауап ретінде түрлі философиялық теориялар пайда болып жатты. «Қанша аз ойласам, сонша көп тіршілік етемін» деп жар салған даниялық философ Кьеркегор қазақ данышпаны Абайдың көрегенділікпен ескертетін «Қайрат пен ақыл жол табар, Қашқанға да қуғанға. Әділет, шапқат кімде бар, Сол жарасар туғанға». Бастапқы екеу соңғысыз, біте қалса адамға (Абайда: «қазаққа»), Алдың – жалын, артың – мұз, Барар едің қай жаққа?- жолдарының іс жүзіндегі көрінісі. Қайрат пен ақылға сүйеніп ғылым мен техникада үздік сатыға, тұрмыста - болып көрмеген молшылыққа қол жеткізгенмен «әділет-шапқатты» ұмытқан Батыс рухани тұрғыда өз-өзінен жаттанып, құндылықтық дағдарысқа, өмір мәні мәселесінде рухани аштыққа, «экзистенциалдық вакуумға» (В.Франкл) ұшыраудың дәлелі.

Егемендікпен бірге шым-шытырығы көп нарық заманына аяқ басқан еліміз табыс жолында, экономикалық бәсеке желігінде жүріп өзіндік дәстүрлі қазынасын, қымбаты мен қимасын жоғалтып, «атомарлық бірлікке» айналмаудан қорғанып, осы тақырыптағы әлем тәжірибесін игеруі қажет. Заманды жасайтын – адам. Дүниеде тұрақтану үшін адам ең алдымен өзінің ішкі өмірін талдап, соның негізінде өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін бағамдауы қажет.

Адам мәні туралы философиялық көзқарастардың негізін қалаған ежелгі грек философтары. Дүниедегі адам жағдайының ерекшелігін Протагор «адам - дүниедегі

барлық нәрсенің өлшемі» деп көрсетті. Платон «адам бойындағы жан ғана атауға тұрарлық, ал тән - жанға қарсы және төмен материя» дегенді айтты. Антикалық философияда дуалистік және идеалистік принциптерге негізделген түрлі адам концепциялары бой көтерді. XIX ғасырдың 30-40 жылдарында философиялық ойдың нақты адамға бетбұрысы іске асты. Мұндай ізденіс бірнеше бағытта жүрді. Солардың алғашқысы - С.Кьеркегордың адам туралы діни-философиялық көзқарасы.

Кьеркегор Неміс классикалық идеализміне қарсы шықты. Рационалдың екіншілігін, таза тіршіліктің (экзистенциалдылықтың) біріншілігін, бастапқылығын тұжырымдады. Кьеркегордың адам туралы ілімінің ерекшелігі – «адам болмысының бүгінгі күнгі шындығы - адамның өз-өзінде» деген ой [1].

Кьеркегор: «Неге философия болмыс мәні, материя, Құдай, рух, таным тетіктері мен шегі сияқты түрлі сұрақтармен айналысады да, нақты адам, оның ішкі дүниесін қарастырудың орнына жалпы, абстрактылы, адамды қызықтырмайтын, адам өміріне тікелей қатысы жоқ сұрақтар ағынында жойылады?» деген сұрақ қойды. Философ мынадай ұғымдарды тұжырымдады:

1. адамның қоғамға толық бағыныштылығы, «басқалар сияқты», «басқалармен бірге», «өмір ағынымен», өз «Менін» танымай, өз тұлғасының бірегейлігін сезінбей, өзінің шын ұмтылысы мен орнын іздемей, таппай өтуі – жалған өмір;
2. қоғамдық жаншылу жағдайынан шығу, ерікті, саналы таңдау, өзін-өзі тауып, өз тағдырының қожайынына айналу - нағыз өмір.

Нағыз өмір-тіршілік дегеніміз - экзистенция.

Адам тіршілігінің 3 кезеңі туралы ілім - Кьеркегор мұрасындағы маңызды идея болып табылады. Адам тіршілігі, Кьеркегор ілімі бойынша, бір-бірінен өзгешеленетін 3сферада іске асады: эстетикалық, этикалық, діни. Осы кезеңдерге сәйкес Кьеркегор адамдарды 4 түрге бөледі: (обыватель) пенде (Spidsborgeren), эстет (Æstetikeren), этик (Estetikeren), діндар адам (Den religiøse). Қарапайым пенде өз айналасындағылар сияқты

өмір сүреді: жұмыс істейді, отбасы құрады, жақсы киініп, жақсы жүруге ұмтылады. Ол тобырлық инстинктіні басшылыққа алады. Өмір ағынына бойсұнып, өз тіршілігін өзгертуге болатындығын ойламайды. Өйткені ол таңдауға ерікті екенін білмейді, сезінбейді.

Тіршіліктің бір сферасынан екіншісіне жайлап қана өту мүмкін емес. Олардың арасы шыңыраумен бөлінген. Эстетикалық тіршілік – бұл бар нәрседен пассивті ләззат алу. Эстетикалық кезеңде адам өмірін сыртқы жағдайлар анықтайды. Адам «ағын жетегімен жүзіп», тек раһатқа ұмтылады. Эстет өзінің таңдауға құқы, еркі бар екенін, басқаларға қосылмауға, ермеуге болатындығын біледі. Раһат-ләззәтқа толы өмір жолын таңдайды. Оған дәмді тағам, жақсы шарап, көрікті әйелдер ұнайды. Жауапкершілік пен парыз, ненің дұрыс ненің бұрыстығы туралы әсте ойламайды. Өмірден ләззат алып, «бір күндік» тіршілік кешеді. Қызықты нәрсе болмаса іші пысады. Уақыт өте келе - өз өмірінің мәнсіз, бос екенін сезінеді. Мұндай уайымдар түңілу сезіміне ұласып, адам әрекетін ақыл-парасат, борыш басқаратын этикалық сатыға итермелейді.

Этикалық кезеңде адам ерікті таңдау жасап, саналы өмір сүреді. Ондай адамның басшылыққа алатыны – борыш. Өз борышын атқару, ізгі құндылықтар жолында аянбай өмір сүру, қоғам игілігі үшін өзін құрбан ету – жоғарғы принципке айналады. Этикке өз өмірі бос сияқты көрінбейді. Ол жақсы мен жаманды, ізгілік пен зұлымдықты аңдайды. Әйелмен тұрмыс құру, аялау және оған адал болу қажет деп санайды. Тек жақсы істер атқарып, жамандықтан аулақ болғысы келеді.

Этикалық сатыда эстетикалық сезім біржолата жоғалмайды. Адам этикалық пен эстетикалықтың арасында ауытқумен болады. Толық, шынайы қанағаттануға қолы жетпейді. Абстрактылы, жалпымәнді принциптерге бағына отырып өзін-өзі жоғалтқанын сезінеді. Кенеттен, «баршаға ортақ заң» алдындағы ішкі қорқыныш пайда болады. Нәтижесінде адам екі өмірсалттың (эстетикалық пен этикалықтың) да аясының тарлығын,

шектеулілігін айқын сезініп, күйінеді. Діни сфераға бет бұруға импульс туады. Мұндай түңіліс дискретті түрде адамды рухани сатыға жетелейді.

Діни кезеңде адам өз қалауын толық та терең сезінеді. Оған сезім мен ақылдың билігіне көнбейтін жүрек сенімі жетекшілік етеді. Құдайдың ғана мінсіз, ал адамның жетілмегендігіне көзі жетеді. Өзінің күнәһарлылығын, сондықтан Құдайды қажетсінетіндігін ұғынады. Осы сәттен бастап сыртқы дүние мәнсізденіп, оның өмір жолына кедергі бола алмайды. Өмірінің соңына дейін діндар адам (Иисус Христос сияқты) барлық азап пен сыртқы жағдайларды жеңіп, өз тағдырын қайыспай жалғастырады. Бұл сферада адам тіршілігі болуы мүмкін биіктерге қол жеткізеді. Мұнда ол Құдай алдында – күнәһар ретінде – жалғыз тұрады. Күнә алдындағы қорқыныш жанды кеміргенмен ол өзінің сенімі мен құдіретті махаббатының арқасында құтқарылады. Бірақ мұндай сенім үшін ешқандай жалпымәнді өлшемдер және рационалды негіздер жоқ. Нағыз сенім – таза субъективтілік, импульсивтілік және парадокс [2].

Осы тұрғыдан алғанда адам экзистенциясы Кьеркегор ілімі бойынша, басқа адамдармен коммуникацияға енуге қабілетсіз. Экзистенцияның индивидуалды құрылымының сыртқы қабығы монаданың тұйықтығы сияқты, жердегі барлық байланыстар мен қатынастар үшін жабық. Адамның өз құшағын ашуы (жалғыз шешуші құбылыс болып табылатын) – оның Құдаймен кездесуінің интенсивтілігін босаңсытып, кедергіге айналған болар еді. Индивидуумның тұйық панцирі Құдай бағытында ғана ашылады. Өмірмәнді кездесу – Құдаймен ғана іске асады. Адам Құдай алдында жападан жалғыз. Оған бет бұру, Онымен коммуникацияға ену – адамның бірден-бір мақсаты. Бірақ бұл мақсатқа біртіндеп, жоғары көтеріле отырып жету мүмкін емес. «Тіпті өзгеге» - тек радикалды секіріс арқылы. Бұл жерде коммуникация туралы «тоқтаусыз тереңдеп отыратын ортақтық», «қауымдастық» мағынасында айту мүмкін емес [3].

Адамдардан оқшауланып, өзін-өзі танып, өзінің тұлғалық Менін тұйықтау арқылы адам өзінің Құдайға тәуелділігін түсінеді. Осы түсінік адамды шексіз бен

мәңгілікке, өз тіршілігінің, өз экзистенциясының уақытшалылығын ұғынуға итермелейді. Адам, Кьеркегор пікірінше, бастапқыдан шекті, күнәлі тіршілік иесі, тұйық рухани монада. Адам қауымдастығының табиғи формалары (ру, отбасы, мемлекет, басқа адамдар) оныменен тек сырт қатынаста. Сырт қатынастар терең және мәнді емес. Олар тұлғалық (субъективті) деңгейді қамтымайды. Тек соңғысының арқасында адам өз тіршілігінің «шын мағынасын» тануға, өзінің қоғамдағы нағыз өмірлік қатынастардан жаттануын түсіне алады. Мұндай түсінік адамның шын бостандығын бейнелейді. Осынысымен Кьеркегор діни антропологиялық теорияны негіздеді.

Адам өмірі – түңіліс, деп санады Кьеркегор. Түңіліс – бір жағынан, адам табиғатының бастапқы күнәһарлылығынан туындаса, екінші жағынан, бұл - Құдайға жақын келудің жалғыз мүмкіндігі. Кьеркегор адам тіршілігінің үш сатысына сәйкес келетін үш түрлі түңіліс түрін жіктеді:

«Мүмкіндіктің түңілісі». Эстет адамның үміт артқан жағдайларының іске аспауынан туындайды. Ондай адам өз санасында өз «Менін», өз қиялындағыдай ақылды, сымбатты әрі күшті өзге «Менмен» алмастыруға тырысады. Өз-өзі болудан қашу түңілісі өздіктің (самость) ыдырауына әкеліп тірейді. Жекелеген эстетикалық ләззаттар біртұтас емес, фрагментарлы ғана болғандықтан адам «Мені» құм сияқты, жекелеген сәттердің қиыршығына айналады

«Азаматтық түңіліс». Этик адамның өзімен-өзі болуға ұмтылысының, адамгершіліктік әрекеттерінің нәтижесі. Ол үшін «Мен» - кездейсоқ «эстетикалық» ләззаттардың жиынтығы емес, өз тұлғасын өздігінше қалыптастырудың нәтижесі. Бірақ «Менді» жасау үшін жеке басының әрекеттері ғана жеткілікті деп сенген адамның «астамшылығы» түңіліспен аяқталады. Ол өзінің шектілігі мен «Құдай сияқты» асқақтыққа көтеріле алмасын ұғынады.

«Абсолютті түңіліс». Діндар адамға тән түңіліс түрі. Мұндай түңіліс – Құдайдың дүниеден теріс айналғандығын, дүниенің Құдайсыз қалғандығын ұғынудан және өзінің жаһандағы, жалғандағы және Құдай алдындағы жалғыздығын ұғынудан туындайды. Ақиқат сенім – діни дәстүрді игерудің нәтижесі емес. Нағыз сенім - абсолютті жалғыздықта қалған адамның еркін де жауапты таңдауы.

Үрей. Үрей – онтологиялық тұрғыдан азат болғанмен бастапқы күнәһарлық белгісі бар, сондықтан ажалды, шекті тіршілік иесі ретінде - адамға тән. Үрей адамда – өзінің шектілігін, өз ажалын жеңе алмасын ұғынудан және өз бостандығын дұрыс пайдалана алмау қорқынышынан туындайды. Осылайша үрей – адам бостандығы көрініс беретін сәт болып табылады.

Көп мәселеде Кьеркегор дін ықпалында болғанына қарамастан діни сарындарды артқы планға ығыстырды. Кьеркегор пікірінше, адам өзінің радикалды күнәһарлығы себептілігінен Игі де Құдіреттіні тануға қабілетсіз. Оның бойында Құдайға апаратын жолды нұсқайтын қандай да бір мәнділіктер мен нормалар жоқ. Әйтсе де абсолютті түңіліс жағдайында Құдіреттіні тану – мүмкін. Құдайға жақын келу, байланысқа шығу мүмкіндігі жолында адамның табиғи ұмтылысы аздық етеді. Барлығы Құдай шапағатымен шешілуге тиіс. Құдаймен байланысқа шығу мүмкіндігі жайлы - импульс ретіндегі бірсәттік қана кездесу туралы айтуға болады. Байланыс әр жолы бұрынғыдан да жоғарғы деңгейге көтеріледі. Содан соң тағы да ізсіз жоғалады.

Адам әрдайым таңдау жағдайында болып, «өзіне баратын жолда сансыз рет өзгереді». Адам әрдайым өз-өзін іздеп, сәт сайын өз тіршілігінің шарттары мен жағдайын тексерумен, сынаумен болады. Кьеркегор пікірінше, тұлға экзистенциясының дамуы белгілі диалектикалық айналыстан кейін өз мәнін діни сенімнен табуға тиіс. Ал адам

тіршілігінің мәні - өзіне берілген уақыт ішінде өз-өзін жүзеге асыруында. Және сол процестің құндылықтық-жасампаздық сипатында.

Резюме

Проанализирована религиозно-антропологическая философия Кьеркегора, основателя экзистенциализма, основной темой которой является «существующий» человек. Существование для Кьеркегора - это категория, соотнесенная со свободным индивидом. Существовать - значит реализовывать себя в свободном выборе между альтернативами. Существовать - значит все больше и больше становиться личностью и все меньше и меньше простым членом группы.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Коплстон Ф. Его история философии: 7 том - [от Фихте до Ницше](#); 8 том - [история философии в 20 в.](#);
2. 500 важных понятий из философии. Аудиотренажер. Экзистенция, выбор, Бог как темы философии Кьеркегора. 2011.
3. Брюнинг В. Философская антропология//Западная философия: Итоги тысячелетия. Екатеринбург, «Деловая книга», Бшкек, «Одиссей», 1997.